

Б.Қ.Тыныбаева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
педагогика ғылымдарының кандидаты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

bake51@mail.ru

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТЫҢДАЛЫМНЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушыларды жаңа тілдік материалдармен таныстыруда, дағды мен іскерлікті қалыптастыруда, сөйлеудің қол жеткізілген деңгейін қолдауда тыңдалымның оқыту құралы ретіндегі рөлі мен орны туралы айтылады.

Негізгі сөздер: Тыңдалым, тыңдауды меңгеру, сөйлеуді есту, болжау, түсіну, ішкі сөйлеу, жауап реакциясын дайындау.

Қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларындағы әлеуметтік - саяси және экономикалық өзгерістер білім беру саласына да елеулі өзгерістер алып келді. Халықаралық байланыстардың кеңеюі, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа кіруі шетел тілінің қажеттілігін көрсетіп отыр. Шетел тілі - қарым-қатынас құралы, адамдардың түсінуі мен өзара іс-қимыл құралы, өзге ұлттық мәдениетке баулу құралы ретінде және оқушылардың зияткерлік қабілеттерін, олардың жалпы білім беру әлеуетін дамыту үшін маңызды құрал ретінде өзіндік орны бар. Сонымен қатар, азаматтардың қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша саяхат жасауға мүмкіндігі бары да тікелей қарым-қатынас жасай білуді қажет етеді.

Тыңдалым – сөйлеу қызметінің өте қиын түрі. Сол себептен, білім беруде – тыңдау - бастапқы кезеңде маңызды орын алуы керек. Тыңдауды меңгеру тәрбиелік, білім беру және дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол оқушыларды дыбысталған сөйлеуге, сөйлеудің мағыналық мазмұнын алдын - ала білуге және осылайша тыңдаудың мәдениетін шетел тілінде және ана тілінде қатар түсінуге жол ашады. Сондай-ақ, ол баланың жадының, ең алдымен, есту жадының дамуына оң әсер етеді. Тыңдалым білім беру мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосады, балаларға әлемнің ең көп таралған тілдерінің бірі - ағылшын тілінде айтылған сөздерді түсіну мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тыңдалым шет тілін оқытудың қуатты құралы. Ол оқытылатын тілдің дыбыстық жағын, оның фонемдік құрамын және интонациясын: ырғақты, екпінді, әуенді меңгеруге мүмкіндік береді.

"Тыңдалым" терминін американдық психолог Роджер Уильям Браун енгізді[1]. Ресейде бұл ұғымды З. А. Кочкина " Тыңдалым дегеніміз сөйлеуді

есту арқылы түсіну"- деп көрсетсе[8], Г.В. Рогова мен И.Н.Верещагина "тыңдалым - есту арқылы қабылданатын сөйлеуді түсіну» деген анықтама берген[9].

Тыңдалым сөйлеумен қатар, шет тілінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететіні түсінікті. Тілдік қарым-қатынас - екі жақты процесс. Тыңдалым дағдысы сөйлеуді есту арқылы қабылдау барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте, әр түрлі қарқынмен, әр түрлі интонациялық ресімдеу және әр түрлі деңгейдегі дұрыс сөйлеуді түсіну қажеттілігі бар. Әр түрлі, тіпті ең төменгі, шетел тілінде тыңдалымды меңгеру деңгейі сөйлеу қызметінің осы түрі үшін негіз болатын бірқатар операциялардың қалыптасуын болжайды:

- 1) дыбыстарды тану;
- 2) тыңдалынатын бірліктердің мәнін қабылдау;
- 3) тыңдалатын мәтіндегі маңызды ақпаратты анықтау.

Қазіргі шет тілін оқыту әдістемесінде тыңдалым - әрі мақсат, әрі оқыту құралы. Мектеп тәжірибесінде бұл екі функция өте тығыз байланысты.

Тыңдалым оқыту құралы ретінде оқушыларды жаңа тілдік материалдармен таныстыруды қамтамасыз етеді, сөйлеу қызметінің барлық басқа түрлерінде дағды мен іскерлікті қалыптастыру құралы ретінде әрекет етеді, сөйлеудің қол жеткізілген деңгейін қолдауға ықпал етеді, дағдыларды қалыптастырады. Тыңдауды оқытудың мақсаты - оқушылардың психикасының ерекшеліктеріне және оның дайындық деңгейіне қарай қандай да бір ақпаратты тыңдалым құралдарымен алуы, мәселен: мәтін, фильм және т. б.

Шетел тілінде түсініп сөйлеуді арнайы үйрету керек. Мектеп жағдайында тыңдалым - мұғалімнің немесе диктордың, кластастарының немесе ықтимал қонақтардың сөздерін тыңдау және түсінуді білдіреді. Тыңдау дағдылары сөйлеушіде есту арқылы ғана қалыптасады. Бұл ретте, сөйлеушінің әр түрлі қарқынмен, түрлі интонациямен, әр түрлі деңгейдегі сөздерін дұрыс түсіну қажет етіледі. Тыңдау - ақпаратты естіп, қабылдау арқылы сөйлеудің түсіндіру функциясын орындайды.[11].

Тыңдау үшін мәтінді іріктеу кезінде оның тілдік ерекшеліктері, мазмұндық сипаттамасы және композициялық ерекшеліктері ескеріледі. Оқушының психикалық ерекшеліктерін бағалау кезінде, ең алдымен, оның сөйлеу, есту қабілеті, назары мен есі, сөйлеу болжамына және ықтималдық болжауға қабілеттілігі, ішкі сөйлеудің даму және дәлелдей білу деңгейі ескеріледі. Оның барлық түрлерінде сөйлеуді меңгеру маңызды рөл атқарады, өйткені шет тілі сабағында қарым-қатынастың негізгі нысандары диалог пен монолог болып табылғандықтан, тыңдауды оқыту оқушылардың еркін коммуникациясы үшін өте маңызды.

Тыңдауды оқытудағы өте маңызды фактор оқушылардың тұрақты қызығушылығын қолдау болып табылады. Оның тұрақты мотивациясы, негізгі факторлары[2]:

- мәтінді дұрыс таңдау (қиындық деңгейі және қызықты мазмұны),

- мәтінді қабылдау алдында қарым-қатынас жағдайын жасау
- мәтінді қабылдағаннан кейін тыңдалғанды бақылау және әр түрлі тапсырмаларды орындау.

Қазіргі уақытта мектепте оқытудың бастапқы кезеңінде тыңдауды пайдалану үрдісі оқушыларға ән айту, жаңылтпаштар мен өлең айту тәсілдерімен жүргізіледі. Бұл материалдардың әрине, жалпы білім беруде құндылығы зор, өйткені балалар басқа халықтың мәдениеті туралы түсінік алады. Бірақ, тек осындай материалдармен шектелуге болмайды, өйткені көптеген зерттеулер мен эксперименттер, оқыту әдістемесі оқытушымен тыңдауды меңгеруге бағытталған мақсатты және жүйелі жұмыстың қажеттілігін дәлелдеп көрсеткен.

Өкінішке орай, әлі де кездесетін жағдай: оқушылардың сөйлеу белсенділігі жоқ, орындалатын тапсырмалардың жағдаяттылығы мен функционалдығы жоқ, оқушылар үнемі ана тіліне аударманы күтеді және ешқандай ой қызметін талап етпейтін, автоматтандырылған дағдылар мен іскерлікке негізделген мәтіндерді сөздікпен аудару, қайта жазу, оқулықтан жазу, жазбаша аударма және т.б жаттығуларды орындайды.

Сондықтан да, шет тілін оқыту процесін тиімді және қарқындалу үшін оқытудың коммуникативтік әдісінің принциптерін сақтай отырып, тыңдалымды сөйлеу қызметінің түрі ретінде оқыту тәжірибесіне толықтай енгізуде арнайы жаттығу жүйесі қажет. Олар:

- ✓ жаттығулардың есту арқылы қабылданатын хабарламалардың психологиялық және лингвистикалық қиындықтарына сәйкестігі;
- ✓ тыңдаудың сөйлеу қызметінің басқа түрлерімен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі, бірінші кезекте ауызша қарым-қатынас - тыңдау және сөйлеу;
- ✓ тыңдаудың дағдыларын қалыптастыру процесін басқару;
- ✓ оқытудың практикалық мақсаты мен аралық міндеттерін табысты іске асыру;
- ✓ оқу кезеңдерінде жаттығуларды орындауға мүмкіндік беретін қиындықтарды біртіндеп арттыру.

Жаттығулар жүйесінің құрамдас бөліктері:

1. тыңдалудың лингвистикалық қиындықтарын шешуге арналған жаттығулар,
2. тыңдалудың психологиялық қиындықтарын жоюға арналған жаттығулар,
3. жаттығулардың түрлері және олардың орналасуы,
4. дағдылар мен шеберлікті қалыптастыру дәйектілігіне сәйкес келетін жаттығулар,
5. жаттығулардың орындалу нысаны мен орны болып табылады.

Бұл компоненттердің ішінде жаттығулардың орналасуының дәйектілігі ғана тұрақты болып қалады, басқа құрамдас бөліктер аудиотекстердің сипатына, оқушылардың тілдік дайындығына, коммуникативтік міндеттердің күрделілігіне және басқа да факторларға байланысты өзгереді.

Мысалы, жеңіл мәтінді есту кезінде қарапайым операцияларда қажеттілік болмайды, оларға біз имитацияны, фонды немесе жақын интонациялық модельдерді ажыратуды, синонимдерді сәйкестендіруді, мәтінді ұсақ мағыналық кесектерге бөлуді жатқызамыз. Жақсы дайындалған оқушы перцептивті-сенсорлық базаны дамытатын жаттығуларға мұқтаж емес, өйткені ол тыңдаудың техникалық дағдыларын, оның ішінде фонематикалық және интонациялық есту, сөздер мен сөйлемдерді жылдам рецептивті комбинациялауды, болжамдық іскерліктерін меңгерген. Осындай жаттығуларға төмендегідей талаптар қоюға болады[4]:

- оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытатын және оларға осы

кезеңде логикалық-мағыналық әрекеттермен ұштастыруға мүмкіндік беретін ақыл-ой іс-қимылдарымен қарапайым операциялардың үйлесуі;

- тірек қолдану мүмкіндіктерін басқару;
- тілдік қиындықтарды біртіндеп арттыру;
- жаттығуларда белгілі және белгісіз материалды біріктіру;
- нысаны мен мазмұнына назар аудару.

Осы мақсатта оқушылармен дайындық жаттығулары жүргізілуі тиіс.

Мысалы:

- + бірнеше жұп сөздерді тыңда және қайтала...

- + рифмалық сөздерді есту арқылы анықта, оларды сандармен белгіле.

- + сын есімдердің (етістіктердің) қатарын тыңда, олармен жиі қолданылатын зат есімдерді ата.

- + фонограммадан мәтінді (мұғалім ұсынысымен) тыңдап, мәтіннің графикалық нұсқасында көрсетілген жерді толтыр.

- + екі-үш қысқа фразаларды тыңдап, оларды бір сөйлемге қос;

- + контекст және олардың дыбыстық формасы бойынша интернационалдық сөздердің мәнін анықта;

- + таныс емес сөздердің мәнін шет тілінде сипаттамалау көмегімен анықта;

- + кілт сөздерді қарап шығып, аудиотекстке қойылатын тақырыпты ата.

- + содан кейін аудиотексті тыңдап, жауаптың дұрыстығын тексер.

Отандық және шетелдік әдіскерлер дәстүрлі түрде мәтінмен жұмысты үш кезеңге бөлуді ұсынады. Мәселен, профессор, педагогика ғылымдарының докторы Елена Николаевна Соловова[10]:

1. тыңдалғанға дейін,

2. тыңдау кезінде,

3. тыңдап болған соң – деп, бөліп көрсетсе;

Г. В. Рогова бұл үш кезеңді[9]:

1. алдын ала нұсқаулық және алдын ала тапсырма,

2. дыбыс байланысын қабылдау процесі,

3. түсінуді бақылайтын тапсырмалар- деп нақтылайды.

Байланысқан ауызша сөйлеуді қабылдау күрделі ойлау қызметімен қатар жүреді және бірқатар акустикалық факторлармен анықталатын ерекше жағдайларда өтеді. Демек, қабылданатын сөйлеу мазмұнын ұғынуға және қабылдаумен байланысты қиындықтарды жеңуге назар аударатын жаттығулар да қажет. Олар тілдік жаттығулар немесе сөйлеу деп аталады. Бұл тірексіз, кеңестерсіз, ситуация немесе тақырыппен алдын ала танысусыз сөйлеу хабарламаларын қабылдауда оқушы дағдысының қалыптасуына ықпал етеді.

Сөйлеу жаттығулары арқылы оқушы үйренетіні:

1. мәтін деңгейінде болжау арқылы түсіне білуді;
2. аудиотекстті мағыналық бөліктерге бөлуді және олардың әрқайсысында негізгі ойды анықтауды;
3. хабарламаның ең қажетті бөліктерін анықтауды;
4. сөйлеушінің жеке ерекшеліктері мен әр түрлі жылдамдыққа бейімделуге (орташадан орта қарқынға дейінгі);
5. аудиотексттің нақты материалын (сандық деректер, хронологиялық күндер, жеке есімдер, географиялық атаулар және т.б.) жадыда ұстауға.

Сөйлеу жаттығуларына қойылатын талаптар:

❖ мазмұны жағынан әр түрлі мәтіндерді, көрнекілікке сүйеніп, қалыпты қарқынмен тыңдап, содан кейін көрнекілікке тіреусіз дыбыс жазбасында тыңдап, сұрақтарға жауап беру.

❖ әңгіме басталуын тыңдап, одан әрі не болғанын болжауға тырысу.

❖ мәтінді тыңдап, оған атау беру.

❖ мәтінді тыңдап, оның түрін анықтау (хабарлама, сипаттама, баяндау, ойлау).

❖ диалогты тыңдап, оның мазмұнын қысқаша беру.

❖ мәтіннің бірнеше фрагменттерін тыңдап, жоспарын құрастыру.

Бұл жаттығулар мазмұнның тереңдігін тексеруге, жаңа фактілер мен мәліметтерді, ең қызықты ақпаратты таңдап есте сақтауымен ерекшеленеді. Сонымен, тыңдауды үйренуде нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы және арнайы емес сөйлеу жаттығуларын, сондай-ақ, әрине, тілдік (дайындық) жаттығуларды қолдану аса қажет.

Тыңдалым кезінде әрекет ететін негізгі психикалық процестер: жады, қиял, қабылдау және ойлау. Осылайша, оқушы психикасының осы ерекшеліктерін жандандыра отырып, біз оларды бір мезгілде дамытамыз, бұл тұлғаның жан-жақты дамуының негізгі факторы болып табылады. Демек, тыңдалым - дамыта оқытудың ажырамас бөлігі деп есептеуге болады.

Қабылдау мәнін (есту және көру) сипаттай отырып, екі ұғымды қатаң ажырату керек: қабылдау және тану. Түсіну үшін ішкі сөйлеудің мәні өте үлкен, ол сөйлеу хабарламаларын қабылдауға, болжауға және жалпылауға мүмкіндік береді. Өйткені, тыңдалым тек хабарламаны қабылдау ғана емес, сондай-ақ естігендерге ішкі сөйлеуде жауап реакциясын дайындау.

Тыңдауды қалыптастыру бойынша жаттығуларды бес топқа біріктіруге болады[3]:

1 топ. Лингвистикалық қиындықтарды шешуге бағытталған жаттығулар, Оның өзі бірнешеге бөлінеді:

* фонетикалық ("сөздерді тыңдау, дыбысты есту" - мұғалім әр түрлі дауысты сөздерді атайды);

* грамматикалық ("сөздерді тыңдау, көпше зат есімді естігенде, қолыңды көтер");

* лексикалық ("сөздерді тыңдау, түр-түсті білдіретін сөздерді есту).

2 топ. Есту жадын дамытуға бағытталған жаттығулар ("сөздерді тыңдап, оларды есте сақтауға тырыс. Содан кейін бұл сөздерді қолдана біл").

3-топ. Оқушылардың назарын дамытуға бағытталған жаттығулар ("тыңда да, қайтала немесе өзіңше толықтыр").

4-топ. Қиялды дамытуға бағытталған жаттығулар (белгілі бір тақырыптың мазмұнын ашып, айту").

5-топ. Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған жаттығулар ("сөйлемді тыңда. Олар дұрыс, қисынды ма).

Оқытудың бастапқы кезеңіне 3-6 сөйлемнен тұратын мәтіндер арналады, орта сатыда бұл сан 10-15 — ге дейін, ал мектепте оқудың соңында-20-25-ге дейін немесе оқушының, сыныптың дайындығын, жас ерекшеліктерін ескере отырып одан әрі арттыру да қажет.

Мұғалім оқушыларды қарым - қатынас кезінде тілдік құралдарды тез таңдап алуға, микро-және макро қарым-қатынас құрастыруға, монолог, диалог, әңгіме жүргізуге, мәтінмен жұмыс істей білуге үйретуі маңызды. Аудиоматериалдарды қолдану арқылы сабақтар оқушыларды тірі тілге ауыстырады, олардың қызығушылығын тудырады. Тыңдалымның табыстылығы бір жағынан тыңдаушының өзіне (сөйлеу, есту қабілетінің, есте сақтау қабілетінің даму дәрежесіне, оның көңілінің, қызығушылығының болуына және т.б.), екінші жағынан, қабылдау жағдайларына (саны мен түрлері, дыбысталу ұзақтығы) және, ең соңында, лингвистикалық ерекшеліктерге — сөйлеу хабарламаларының тілдік және құрылымдық-композициялық күрделілігіне және олардың оқушылардың сөйлеу тәжірибесі мен біліміне сәйкестігіне байланысты.

Әдістемеде тыңдауды оқытуда визуалды (бейнелеу) және вербалды тіректерді қолдану ұсынылады. Визуалды тіректерге: карталар, суреттер, суреттер, схемалар, жергілікті жердің жоспарлары және басқа да графикалық материалдар жатады. Вербалды тіректер тыңдаушыға ұсынылған тәсілге сәйкес мәтінді ауыстыруға мүмкіндік беретін түйінді сөздер, жоспар, тақырыптар, әртүрлі сауалнамалар түрінде ұсынылуы мүмкін. Оқушыларды аудиотекстің өзінде бағдарларды табуға үйрету маңызды (интонациялық бөлінетін сөздер, тақырыптар мен тақырыпшалар, логикалық екпінді сөздер, риторикалық сұрақтар, қайталаулар және т.б.)[6].

Мұғалімнің міндеті - осы жұмыс түрлерін сөйлеуге итермелейтін коммуникативтік мотивация жасау үшін тиімді пайдалану. Дәл осы қарым-қатынас қажеттілігін тудыратын негіз болып табылады. Барлық кезеңдерде

мұғалімнің сөзі қарым-қатынас жасау үшін үлгі болуы керек. Оқушы өз мүмкіндіктеріне көз жеткізіп, әр сабақта өзге тілді сөйлеуді түсінуі тиіс. Бұл оқушыны дамытады, ынталандырады. Техникалық оқу құралдарын қолданғанда, сондай-ақ мұғалімнің тікелей сөйлеуінде тыңдауды оқытудың тиімділігін арттыру үшін тіректер мен кестелер талапқа сай қолданылуы, оқушыларды үйде және лингафондық кабинетте фономатериалдарды өз бетінше тыңдауға бағыт-бағдар берілуі тиіс. Тыңдалым барысында оқушылардың назарын сұралған ақпаратты жедел жадыда бекітуге бағыттау, ал қызықты ақпаратты ұзақ мерзімді есте сақтауы үшін эмоционалдық көңіл - күймен байланыстырудың маңызы ұтымды.

Тыңдалым (есту арқылы қабылданатын сөйлеуді түсіну) қарым-қатынас негізін құрайды, одан коммуникацияны меңгеру басталады. Тыңдауды сөйлеу қызметінің түрі ретінде жеткілікті меңгеру тек қана мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар фильмдерді және телебағдарламаларды шет тілінде өз бетінше қарауды ынталандырады. Оқушыларға тыңдау мәдениетін үйрету қажет, тыңдай білу — ағылшын тілін үйренудегі табыстың кепілі екенін түсінуі тиіс. Есту арқылы сөйлеуді мағыналық қабылдау - талдау, салыстыру, абстракция, нақтылау және т.б. сияқты ұғымдарды қамтиды. Тыңдалым оқушыларды жаңа тілдік немесе сөйлеу материалымен таныстыру құралы ретінде пайдаланылады. Жаңа материалмен танысуды ұйымдастыру оқушыларға оның мәнін, нысанын және қолданылуын көрсетуді білдіреді.

Түсіну үшін ішкі сөйлеудің мәні өте үлкен, ол сөйлеу хабарламаларын қабылдауға, болжауға және жалпылауға, оқытылатын тілдің дыбыстық жағын, оның фонемдік құрамын және интонациясын: ырғақты, екпінді, әуенді меңгеруге мүмкіндік береді.

Сонымен, тыңдалым кезінде әрекет ететін негізгі психикалық процестер: жады, қиял, қабылдау және ойлау - оқушы психикасының ерекшеліктерін жандандыра отырып, тұлғаның жан-жақты дамуының негізгі факторы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Браун Р . Контроль грамматики в имитации, понимании и производстве. Журнал Словесного Поведения Learning and 2, 1963. С.121-135.
2. Елухина Н.В. «Интенсификация обучения аудированию на начальном этапе»: Ж. «Иностранные языки в школе». – 1986 - №5 - С. 15.
3. Елухина Н.В. Основные трудности аудирования и пути их преодоления // «Иностранные языки в школе». 1977. - № 1, С. 38.
4. Зайцева Л. А. Требования к аудитивному материалу, содержащему неизученную лексику // Иностранные языки в школе . -1996. - № 3, С.15.
5. Иванова, Н. В. Методика драматизации сказки как средство развития коммуникативности младших школьников при обучении иностранному языку [МГПУ им. М. А. Шолохова]. – М., 2006. – С.18.

6. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранному языку: учебное пособие / - М.: Издательский центр «Академия», 2004. – С. 120 – 136.
7. Копылова В. В.– М.: Дрофа, 2004. – 96 С. 9. Коммуникативное развитие учащихся средствами дидактической игры и организацией языковой среды в образовательном учреждении: Кемерово: МОУ ДПО «НМЦ», 2006. – 104 С. 10.
8. Кочкина З. А. Аудирование : что это такое?//Методическая мозаика. 2007. - С. 12-18.
9. Рогова Г. В., Рабинович Ф. И., Сахарова Т.Е. « Методика обучения иностранному языку в средней школе» М., Просвещение 1991. – С. 134 – 141.
10. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: базовый курс лекций. 4-е издание. М.: Из-во «Просвещение», 2006. С.78-79.
11. Тыныбаева Б.Қ., Мәтеш Ф.М. Шет тілі сабағында тыңдауға оқыту әрі мақсат, әрі құрал. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы № 1(48), 2018. С.32-37.

Аннотация

В данной статье говорится о роли и месте аудирования как средства обучения в ознакомлении учащихся с новыми речевыми материалами, формировании навыков и умений, поддержании достигнутого уровня речи.

Ключевые слова: Аудирование, овладение слушанием, слух речи, прогнозирование, понимание, внутренняя речь, подготовка ответной реакции.

Abstract

This article discusses the role and place of listening as a means of learning in introducing students to new speech materials, the formation of skills and abilities, maintaining the achieved level of speech.

Key word: Listening, listening mastery, speech hearing, prediction, understanding, inner speech, response preparation.